



# Міндеті – қисайғанды түзеу

Ж.СӘДУАҚАС



Серік Мергенов - жергілікті полиция құрамындағы ювеналдық полиция қызметкері. Оқырманға түсінікті болуы үшін айта кетейік, 2011 жылдың маусым айынан бері көмелеттік жасқа толмағандар ісі жөніндегі полиция құрылымы ювеналдық полиция деп аталған болатын. Аталмыш құрылымның міндеті - балалар мен жасөспірімдер қылмысының алдын алу, балалардың қадағалаусыздығы, қаңғыбастығы сияқты жағымсыз құбылыстармен күресу.

- Бізге Мәшһүр Жүсіп, Мұхтар Әуезов, Строительная, Қо-наев, Торайғыров көшелері аумағы сеніп тапсырылған. Осы аумақта мектеп пен балабақша жасындағы 3800 бала бар. Соның ішінде біз тәртібі нашар балаларды назарда ұстаймыз. Жалпы, ата-анасы перзентінің тәрбиесіне жеткілікті көңіл бөлсе, бала бетен қылық не әрекетке аттап баспайды. Өкінішке қарай, бала тәрбиесімен мүлде айналыспайтын отбасылар да баршылық. Бұзықтыққа бейім балалар көбінесе әке-шешесі ішкілікке салынған немесе бей-берекет өмір сүретін отбасылардан шығады. Мұндай балалар сабақты жиі босатады, көше кезіп кетуді дағды етеді,

бұзақылар тобының ықпалына түседі, қысқасы, бұзылады. Біздің міндет осындай балаларды түзу жолға қайтару. Алайда, өз қызмет тәжірибемнен білемін, бұрыс жолға бұрылып кеткен баланың сол құрдымнан құтылуы тым сирек, - дейді полиция капитаны Серік Салықұлы.

Серік қасындағы қызметтесі Әлібек Айдархановпен бірге қоян-қолтық әрекет етіп, балалар арасында профилактикалық жұмысты кеңінен өрістетуге күш салып жүр. Бұл істе оларға аумақтағы мектептер мен колледждер басшылығы, педагогтар ұжымдарының айтарлықтай көмегі тию үстінде. Балалардың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында дәрістер оқу, сауалнамалар жүргізуге қоса, есепке алынған жасөспірімдерді мәдени-спорттық шараларға тартумен уақытпен санаспай айналысады. Соған қарамастан, бүгінгі күні заңға қайшы әрекет жасағаны үшін 17 бала есепке қойылған. Олардың арасында ұсақ тәртіп бұзушылықпен көзге түскендері де, тіпті ұрлық жасап, тонауға қатысқандары да кездеседі.

- Бір бала биыл «Наурыз» дәмханасында өткізіліп жатқан тойға кіріп, әйелдің қол сөмкесін ұрлап кеткен. Мұндай әрекеттің соңы жақсылыққа соқтырмайтыны белгілі. Мамыр айында он алты жасар жасөспірім сот шешімімен Серебрянск қаласындағы түзету мекемесіне жіберілді. Бала тәрбиесімен айналыспайтын ата-аналарға Әкімшілік кодекстің 127-бабы бойынша 7 минималды есеп көрсеткіші мөлшерінде айыппұл салынады. Осыдан соң да маскүнемдігін доғармаса, ата-аналық құқығын шектеу немесе одан айыру мәселесі

қаралады. Мәселен, биылғы жылы біздің учаске бойынша 2 ата-ана құқығынан шектеліп, 2 ата-ана ата-аналық құқығынан айырылып, 5 бала жетім балалар үйіне өткізілді, - дейді әңгіме арасында Серік Салықұлы өз балаларының тағдырына жауапсыздықпен қарайтындар үшін күйініп.

№4 учаскелік полиция бекеті қызметкерлерімен бірлесе қимыл жасайтын ювеналдық полицияның екі қызметкері ойын-сауық орындарына рейдтерге де шығып тұрады. Жасы 17-ге толмаған балалар ересектердің қадағалауынсыз түн ішінде бостекей жүрмеуі тиіс. Заңның бұл талабы да үнемі орындала бермейді. Мұндайда алғашында ескерту жасалады, екінші мәрте қайталанса, айыппұл салынады. Серік Салықұлының айтуынша, әйтеуір биылғы жылы балалардың қаңғыбастығы біршама азайыпты. Әйтпесе, былтыр сонау Жезқазғанға дейін қаңғып кеткен балалар болыпты. «Түз кезіп кеткен баланы тауып әкеліп, қолына табыстағанда, әке-шешесі баласын жақтап, сөзін сөйлейді. Мұны көріп, естіп тұрған бала қайдан түзелмек?», - дейді ол.

Серік Салықұлы – Евразия ұлттық университетінің заң факультетін бітірді. 2007 жылы жүрек қалауымен көмелеттік жасқа толмағандар ісі жөніндегі инспекцияға қызметке кіріпті. Міне, содан бері балалардың қылмыстан аулақ болуы, еліміздің адал азаматы болып қалыптасуы жолында күресіп келеді.

Жеке өміріне келсек, жары Қарлығаш екеуі Саяжан, Аяжан, Кеусар есімді үш қызды өсіру үстінде. Балажан әкенің жүрегіне «Балалар бақытты болса екен», деген тілек ұялаған. Серікті ювеналдық полицияға қызметке жетелеп әкелген де - осы шуақты тілек.